



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ОРЫС ТІЛІ ТАРАЛУ АРЕАЛЫНЫҢ ТАРЫЛУЫ

Қалым Жібек Ержанқызы

zhibekkalym@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің Аймақтану мамандығының 3-курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Қ.Даркенов

XX ғасырда орыс тілі әлемдік тілдер қатарына енді. Орыс тілінің географиялық және территориялық таралуы Ресей империясының қызметі, кейін КСРО, Ресей Федерациясы қызметінің салдары болып табылады.

XX ғасырдың басында орыс тілін шамамен 150 миллион адам білсе, келесі 90 жыл ішінде бұл көрсеткіш 350 миллион адамға дейін өсті. Оның 286 миллион адамы орыс тілі мемлекеттік тіл болып табылған КСРО территориясында тұрды. 2005 жылы орыс тілін меңгерген адам саны 278 миллионға төмендеп, Ресей Федерациясында 140 миллионға түсті. 2006 жылғы көрсеткіш бойынша Ресей Федерациясында орыс тілі 130 миллион адам үшін, ТМД және Балтық елдерінде 26,4 миллион, өзге шет елдерде 7,4 миллион адам үшін туған тілі болып саналды. Барлығын қосқанда 163,8 миллион адам. Тағы 114 миллион адам орыс тілін екінші шет тілі ретінде немесе меңгеріп жүрген шет тілі ретінде таниды.

Орыс тілі келесі мемлекеттерде мемлекеттік және ресми тіл болып табылады: Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы (белорус тілімен қатар), ішінара танылған Оңтүстік Осетия (осетин тілімен қатар), танылмаған Преднстровтық Молдава Республикасы (молдав және украин тілдерімен қатар), танылмаған Донецк Халық Республикасы және Луганск Халық Республикасы (украин тіліме қатар).

Орыс тілі келесі мемлекеттердің мемлекеттік мекемелерінің ресми тілі болып саналады (бірақ, мемлекеттік тілден мәртебесі бойынша төмен): Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, ішінара танылған Абхазия.

Кейбір мемлекеттерде орыс тілі белгілі бір ресми функцияларға ие. Мысалы, Тәжікстанда орыс тілі конституция бойынша ұлттаралық байланыс тілі болып табылады. Сонымен қатар, орыс тілі келесі халықаралық ұйымдардың ресми тілі ретінде қолданылады: Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропа Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Еуразия Экономикалық Қауымдастығы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы, Бірыңғай Экономикалық Кеңістік, ГУАМ [1].

2006 жылы Демоскоп журналында жарық көрген РФ Білім және Ғылым Министрлігінің социологиялық зерттеу орталығы директорының орынбасары Александр Арефьевтің мәліметінше орыс тілі біртіндеп өз позициясын жоғалтып барады. Бұл үрдіс Ресейдің өзінде де бар. 2012 жылы Арефьев «XX-XXI ғасырлар тоғысындағы орыс тілі» атты зерттеу жұмысын жарыққа шығарды. Бұл жұмысында орыс тілінің тарылуы жайлы пікірін одан әрі растады. Оның айтуы бойынша кеңестік кезеңнің соңында әлемде орыс тілін білетінлер саны 318 миллион адам болса, оның 265 миллионы Кеңес Одағында тұрды. 53 миллион адам одақтас Шығыс Еуропа және азиялық елдерде тұрды. Ал 2004 жылы орыс тілін қолданатындар саны азайып, 278 миллион адам болды. Оның 138 миллионы Ресейде тұрды. Ал 2010 жылы орыс тілін қолданатындар саны 260 миллион адам ғана болды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін орыс тілін қолданушылар саны алтыдан бірге кеміді. Бұл орыс тілін қолдану ареалының тарылып бара жатқанын айқын байқатты. Кеңес Одағынан бөлініп кеткен республикаларда орыс тілінен біртіндеп алшақтау процесі байқалуда. Білім беру жүйесінде орыс тілінде оқыту бірқатар республикаларда деградацияға түсті. 2000-2010 жылдар аралығында бұрынғы одақтас республикалар тұрғындарының шамамен 64,3 пайызы орыс тілін белгілі бір қажетті деңгейде білді, бірақ бұл көрсетішке басты үлес қосушылар

Белорус, Украина, Қазақстан болды. Бұл республикаларда орыс тілін қолдану аясы кең болғанымен, кейіннен бұл тізбектен Украина шығып қалды. Ал Кавказдағы мемлекеттер мен Орталық Азияның 4 мемлекетінде орыс тілінің қолданылуы біртіндеп тарыла бастады. Бай мәдени мұрасымен, дамудың ішкі потенциалының молдығына қарамастан, Арефьевтің сөзінше әлемдегі жиі қолданылатын 10-12 жетекші тілдердің ішінен орыс тілі соңғы 20 жылда әлемнің барлық басты аймақтарда өз позициясын жоғалтқан жалғыз мемлекет. Егер таяу арада қажетті батыл шаралар қолданылмаса, бұл тенденция одан әрі шиеленіске түседі деп мәлімдеді. А.Арефьев 2025 жылға қарай орыс тілін білетіндер саны 215 миллион адамға дейін, 2050 жылы 130 миллион адамға дейін төмендейді деген болжамын айтты [2].

Ресей Федерациясының ресми тілі болып табылатын орыс тілі көршілес елдерде де кең етек алды. КСРО территориясының ауқымына байланысты билингвизм термині қалыптасты, яғни халықтар туған тілімен қатар орыс тілін де жақсы меңгерді. Қала тұрғындары арасында билингвизм халықтың туған тілін ұмыта бастауына әкеп соқты. Сонымен қатар тілдік ассимиляцияға ұшыратты.

Кеңес одағының бұрынғы республикаларындағы орыс тілі мәртебесіне нақтырақ тоқталсақ, Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылады. Орыс тілінің заңнамалық мәртебесі 1995 жылы көтерілді. Ол бойынша орыс тілі қазақ тілімен қатар мемлекеттік мекемелер мен өзін-өзі басқару органдарында бірдей қолданысқа ие болды. Орталық Азияның әр еліндегі жағдай әртүрлі болғандықтан, орыс тілінің ықпалынан арылу үрдісі де біркелкі жүріп жатқан жоқ. Орыс тілді азшылық ұлттары басым Қазақстан мен Қырғызстанда аталған үрдіс баяу жүріп жатыр. Молдова Республикасының Конституциясы бойынша 1994 жылы қабылданған заң Молдовадағы мектепке дейінгі, орта және жоғары білімді орыс тілінде алуға құқық береді. Тәжікстанда орыс тілі ұлтаралық байланыс тілі болып табылады. Ал Әзірбайжанда орыс тілі мәртебесі заңды түрде реттелмейді. Армения, Грузия, Өзбекстанда орыс тілі ұлттық азшылық рөліне ие. Латвияда 1999 жылы қабылданған заң латыш тілінен басқа тілдерді қолдануды жокқа шығарады. Сол сияқты Литвадағы 1995 жылдың 31 қаңтарында, Эстониядағы 1995 жылдың 21 ақпанында қабылданған «Мемлекеттік тіл туралы» заңдары да мемлекеттік тіл деп сәйкесінше литва тілі мен эстон тілі саналады. Тағы бір алаңдататын тенденция ол- орыс тілінің соңғы жылдары интенсивті түрде білім беру жүйесінде ауқымын жоғалта бастауы. Мысалы, халықтың көпшілігі орыс тілін туған тілі деп санайтын Украинада тәуелсіздік алғаннан бері орыс мектептерінің саны екі есеге қысқарды. Түркменстанда барлық орыс-түркмен мектептері түркмен мектептеріне өзгертілді, Түркмен мемлекеттік университеті мен педагогикалық училищелерде орыс тілі филология факультеттері жабылды. Балтық елдерінде ЖОО-да орыс тілінде оқыту толығымен тоқтатылды. Латвияда 2004 жылдан бастап орыс мектептері латыш мектептеріне ауыстырылды [3].

1980-жылдар соңына дейін Шығыс Еуропа елдерінде орыс тілі негізгі шет тілі болып саналды. Сол кездегі орыс тілін меңгерген адам саны 300 миллион шамасында болды. Осының арқасында орыс тілі әлемдік тілдер қатарына қосылып, таралуы бойынша 4-ші орынға ие болды. КСРО ыдырауы нәтижесінде орыс тілінің таралуы ұлтаралық байланыста қысқарумен қатар Ресей территориясында да тарылуға ұшырады. Бұл тенденцияның сақталуы шамамен он жылдан кейін орыс тілін француз, урду, араб тілдері озып өтуіне әкеп соғады.

Орыс тілінің тарылу факторына түрік алфавиттерінің латын алфавитіне көшуін жатқызады. Латын алфавитіне көшкен посткеңестік кеңістік елдері қатарына Өзбекстан, Түркменстан, Әзербайжан, Балтық елдері жатады. Бұл мәселе Қазақстанда да кең етек алды. 2017 жылдың 27 қазанында қазақ тілінің латын алфавитіне көшіру туралы заң бекітілді. Назарбаев билігі әліпби ауыстыруды 1990 жылдардың басынан-ақ ойластырған еді, елдегі орыс тілінің рөлі төмендеп, қазақ тілінің ауқымы кеңейгендіктен, енді бұл өзгерістің болмай қоймасы анық. Сөйтіп, уақыт өте келе Ресейдің айналасындағы лингвистикалық өзгерістердің нәтижесінде оның мәдени ықпалы да әлсірей бермек.

Америкалық Stratfor барлау және сараптама орталығы орыс тілінің қолдану аясы

тарылып, демографиялық, мәдени, саяси және технологиялық өзгерістер қарқынды жүріп жатқандықтан, Кремльдің көршілерге ықпал ету мүмкіндігі азая береді деп болжайды.

Stratfor барлау және сараптама орталығының сарапшылары КСРО дәуірінен кейін дүниеге келген адамдар саны артып келе жатқандықтан, Еуразияның посткеңестік аймағында әлі талай саяси және мәдени өзгерістер болады дейді. Кеңес одағы ыдырап, оның құрамында болған елдер тәуелсіздік алғалы ширек ғасыр өтсе де, Балтық елдерінен басқалары әлі де орталыққа қатаң бағынған саяси жүйе мен жартылай капиталистік экономикалық модель бойынша өмір сүріп жатыр. Ал Ресей 1990 жылдардағы хаостан кейін ес жиып, бұрынғы одақтастарымен байланысты қайта нығайтты. Мәскеу әскерін орналастыру, саяси жолмен манипуляция жасау арқылы аймаққа ықпалын күшейтуге тырысып жатыр.

Әйткенмен Ресейдің көрші елдерге саяси, экономикалық және мәдени ықпалы азая береді, оған ең әуелі демографиялық өзгерістер себеп деп жазады Stratfor. Оның деректері бойынша, Орталық Азияда тұратын халықтың орташа жасы – 30 жас. Яғни, тұрғындардың жартысы ғана Кеңес одағын көргендер.

Мектептерде орыс тілінің орнына француз, ағылшын, неміс, қытай тілдері оқытыла бастаған. Орыс тілін ана тілі ретінде қолданатындар да біртіндеп азайып жатқаны байқалады.

БҰҰ мен ұлттық мәліметтерді қолданатын Euromonitor тобының деректері бойынша, 2016 жылы Украина халқының төрттен бірі ғана тұрақты түрде орыс тілінде сөйлеген. 1994 жылы орыс тілін ана тілім деп көрсеткендер Украина халқының 33,9 пайызын құраған. Ал Қазақстанда бұл көрсеткіш 33,7 пайыздан 20,7 пайызға кеміді. Грузияда орыстілділер саны 6,4 пайыздан 1,1 пайызға азайды.

Дегенмен, бұрынғы одақтас елдер тұрғындарының арасында орыс тілін екінші тіл ретінде меңгергендер баршылық, бірақ олардың саны да жыл өткен сайын азайып барады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының болжамы бойынша, 2050 жылға қарай Ресей халқы 143 миллионнан 129 миллионға азайып, 10 пайызын жоғалтады. Керісінше, АҚШ халқының саны 20 пайызға артса, Түркия мен Иранның да тұрғын саны біршама өседі. Оның үстіне, Ресейдегі славяндардың үлесі азайып, елдің мәдени және саяси бірегейлігі одан сайын күрделене түспек [4].

Ресейдің бұл сын-қатерлерге төтеп беріп, өз ішінде тұрақтылық пен көршілерге ықпалын сақтап қалуы оның жаңа жағдайға тез икемделуіне байланысты болмақ. Бұл ел мәдени, әлеуметтік және технологиялық өзгерістерге бейімделуге тырысып жатқанымен, демографиялық және лингвистикалық бетбұрыстарды тоқтату мүмкін емес. Сондықтан, Еуразиядағы посткеңестік халық саны артқан сайын Ресейдің аймақтағы доминантты держава мәртебесіне қауіп төніп келеді.

Ресей Федерациясының ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі Элеонора Митрофанова ТАСС агенттігіне «орыс тілі – бұрынғы КСРО елдерінде заңдық дәрежеге ие болуы тиіс» деген мәлімдеме жасайды.

Э.Митрофанованың айтуы бойынша әлемдегі орыс тілінің жағдайы бойынша бірнеше мәселе бар. Жекелей айтсақ, орыс тілінің таяу шетелдердегі мәселесі бірінші кезекке шығады. Латвия мен Эстониядағы орыс тілінің жағдайы дабыл қағуға тұрарлық. Бұл елдерде халықтың басым бөлігі орысша сөйлейді, бірақ бұл заңдық деңгейде көрсетілмеген. Орыс тілі әсіресе білім беру саласында қысымға ұшырауда. Орыс тілін шет елдерде дамыту мақсатында ерекше күш жұмсау қажет. Бұрынғы КСРО елдерінде орыс тіліне заңдық дәреже беру мәселесін өте жоғары деңгейде көтеру қажет. Бұл мәселе сыртқы саясаттың тәртібінен түспеуі тиіс.

2015 жылы ТМД халықтарының саны (Ресейді қоспағанда) 138 миллион адамға жеткен. Соның 61 миллионы ғана орыс тілінде емін-еркін сөйлей алса, 36,9 миллионы – нашар, 35,6 миллионы мүлдем білмейтін болған.

2007 жылы ақын Мұхтар Шаханов, ғалым Амангелді Айталы және Ерасыл Әбілқасымовтар Конституциялық кеңес төрағасы Игорь Роговқа арнайы сауал жолдап, орыс тілінің қоғамдағы орнын нақтылап беруді өтінген. Игорь Рогов қазақ және орыс тілдерінің тең дәрежеде қолданылатындығын айта отырып, орыс тіліне екінші мемлекеттік тіл дәрежесі

берілмегендігін жеткізген еді. Содан болар, Ресей саясаткерлері орыс тілінің Қазақстан Конституциясындағы дәрежесін нақты әрі айқын емес деп бағалайды.

ТМД бойынша орыс тілінің жағдайы қандай?

Қырғызстан мен Белоруссияның Конституциясында орыс тіліне екінші мемлекеттік тіл дәрежесі берілген. Алайда, бұл елдерде орыс тілінің дәрежесі өздерінің ұлттық тілдерінің дәрежесінен төмен.

Молдавия, Румыния және Украинаның кейбір әкімшілік аймақтарында орыс тілі басымдыққа ие. Яғни, жекелеген облыстарда немесе аймақтарда ресми деген айдар алады.

Тәжікстанда орыс тілі – Конституция бойынша «ұлтаралық қарым-қатынас тілі» статусына ие және ресми түрде заңнаманы дайындау барысында қолданылады.

Өзбекстанда АХАТ (азаматтардың хал актілерін тіркеу) бөлімінде орыс тілін қолдануға рұқсат етілген. Өзбектер қазір өз елдеріндегі көпшілікті құрайтын ұлт болып отыр. Тәуелсіздік алған 1991 жылдан бері қарай билік жергілікті тілдің артықшылықтарға ие болуы үшін қолынан келгеннің бәрін жасады. Ресейде басылған газеттерді енді кез-келген дүңгіршектен ала алмайсыз. Ал ресейлік телеарналарды тек спутниктік табақшалар мен кабельдік телеарналар арқылы ғана тамашалай аласыз. Білім беру жүйесі өзбек тілін оқытуға ден қойып отыр.

Балтық жағалауы елдері (Латвия, Литва және Эстония) –орыс тілінің ресми статусын баяғыда-ақ жойып тастаған. Онда орыс тілі «ұлттық азшылықтың тілі» саналады. 2012 жылы Литвада орыс тіліне екінші мемлекеттік тіл статусын беру мақсатында ел тұрғындарының арасында референдум өткізілген. Алайда, ел халқының 25 пайыздайы ғана орыс тілінің ресми статусын қолдаған. Сөйтіп, орыс тіліне екінші мемлекеттік тіл статусын алу мақсаты жүзеге аспады.

Грузияда 1978 жылдан бері мемлекеттік тіл – грузин тілі болып бекітілген. Қазір де орыс тілінің ресми статусы жоқ. Ондағы жастар орыс тілінен гөрі, ағылшын тілінде сөйлеуді мақсат етеді [5].

Орыс тілінің мәртебесі бойынша ТМД елдерін 3 санатқа бөледі.

Алғашқысына – Белоруссия, Қазақстан, Украина елдері енеді.

Бұл мемлекеттерде орыс тілінің қолданылу аясы 50 пайыздан жоғары. Орыс тілінде білім алуға, қарым-қатынас жасауға және мемлекеттік қызметте жұмыс істеуге кедергі келтірілмейді.

Екінші санатқа орыс тілінде сөйлейтіндердің үлес салмағы – 40 пайызға дейін жететіндер. Олардың қатарында – Қырғызстан мен Молдова бар.

Орыс тілін тұрғындарының 30 пайыздан азы қолданатын үшінші санаттағы елдерге – Түркіменстан, Әзірбайжан, Армения және Грузия жатады.

Түркіменстанда орыс тілінде телерадио хабарларын таратуға тыйым салынған.

Тіпті орыс тілінде білім беру туралы жарнаманың өзі заңсыз деп есептелінеді.

Әзірбайжанда орыс тілінде хабар таратуға екі сағат қана бөлінген.

Ресей орыс тілінің ТМД аумағында кең таралуы үшін арнайы бағдарламалар қабылдап, қомақты қаржы бөлуін жалғастырып келеді. 2011 жылы «Русский язык» бағдарламасы қабылданған. Оған бөлінген қаржының жалпы көлемі — 2 526,66 млн. рубльге жеткен. 2000 жылы орыс тілінің қолданылу аясын кеңейту мақсатында Ресейдің І президенті Борис Ельцин атындағы қор құрылған. 2007 жылы «Русский мир» қоры ашылды. Олардың негізгі мақсаты – орыс тілінің таралу аймағын кеңейту, оқулықтар дайындау, кітаптар шығару [6].

Орыс тілін қолданудың азаюы мен қазақ, латыш және украин сияқты жергілікті тілдерді қолдану аясының ұлғаюына КСРО ыдырағаннан кейін еркіндік алған саяси күштер түрткі болған. Кей елдер орыс тілінен Батыс елдерімен және Азиямен саяси альянс құру және инвестиция тарту стратегиясы кезінде сырт айналды. Посткеңестік кеңістік елдерінде орыс тілінің таралуы әр түрле деңгейде жүзеге асуда. Қазақстан мен Белорусьта бұл үрдіс баяу жүргенімен де, жақын арада орыс тілінің таралуы айқын байқалатыны мүмкін. Оған

себепші елдегі мемлекеттік тілді дамытудағы іс-шаралар және орыс ұлтының Ресейге көшіп кету үрдісінің шапшандығы. Сонымен қатар, орыс тілінде білім берудің біртіндеп қысқаруы және жас ұрпақтың ой-санасының кеңестік сипаттан алшақ болуы. Ресей бұл үрдістерге жол бермеу мақсатында іс-шаралар жүргізуге кірісті. Орыс тілінің тарылуын тежеу мақсатында батыл қадамдар жасамаса бұл үрдіс өте шапшаң түрде дамымақ.

Дегенмен, соған қарамастан, орыс тілінің мәртебесін ТМД деңгейінде ресми дәрежеге жеткізу енді келмеске кеткен сынды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Электронный ресурс. URL : <http://www.demoscope.ru/weekly> (сілтеме жасау күні 21.03.2018)
2. Арефьев А.Л. Русский язык на рубеже XX-XXI веков. - М.: Центр социального прогнозирования и маркетинга, 2012. - 450 с.
3. Лобанова Л.А., Могилева И.Б. Статус русского языка на постсоветском пространстве // Вестник МГИМО. 2008. №3. С. 82.
4. Ресей ықпалы мен орыс тілі аясы тарылады. URL: https://www.azattyq.org/a/press_review_russia_russian_language/28526266.html (сілтеме жасау күні 24.03.2018)
5. Орыс тілінің мәртебесін ресми дәрежеге жеткізу енді болмайды. URL: <https://www.qazaquni.kz/2016/12/11/61836.html> (сілтеме жасау күні 24.03.2018)
6. Институт диаспоры и интеграции (Институт стран СНГ). Сохранение и укрепление позиций русского языка на постсоветском пространстве в контексте внешнеполитической стратегии России / Под рук. К.Ф.Затулина. М., 2011. С.120.

УДК 327(574)

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ СТРАТЕГИЯСЫНДАҒЫ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТАРЫ

Қиюбек Жаңылсын

kiyubek@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі- Ж.Е.Нурбаев

XXI ғасырдың бірінші ширегінде энергоресурстар кез келген мемлекеттің дамуындағы маңызды фактор болып табылады. Сондықтан, энергетика саясатын іске асырудағы халықтың қызығушылығына байланысты да әлем мемлекеттері үшін өзекті мәселе болып отыр. Қытай Халық Республикасы үшін энергетикалық фактор экономикалық қауіпсіздіктің маңызды бөлігі, себебі мемлекет қажетті энергетика ресурсының 40%-ын импорттайды. Экономикалық ілгерілеудің тежелуіне қарамай, Қытай әлемдік энергетикалық рыноктағы өз позициясын сақтап келеді: 2015 жылы қытайлық мұнай импорты бір күнде 7 млн. баррелді құрап, рекордтық деңгейге жеткен болатын. Бүгінде Қытай үкіметі алдында 1,3 млрд. адамды энергоресурсымен қамтамасыз ету міндеті тұр. Және бұл міндет шынымен де алаңдатушылық туындатып отыр, себебі мұнайды табу қарқыны оған деген сұраныстан гөрі жай қарқынмен жүріп жатыр. Осындай шарттар энергетикалық стратегияның жан-жақты құрылуын талап етеді. Осыған байланысты Қытай елдің энергетикалық рыногін тұрақты ұстау мақсатында шаралар қабылдап жатыр.

Қытайдың энергетикалық стратегиясы келесі міндеттерден тұрады: мұнай-газ қорына төмен бағалардың сақталуы, ҚХР-на мұнайдың шетелден тұрақты тасымалдануы, өз елі ішінде мұнайды өндіру деңгейін жоғарылату және энергетикалық ресурстар туралы ғылыми білім сапасын арттыру. Жалпы Қытайдың энергетикалық саясатын екі құраушы аспектіге